ГАЗЕТА ТОО "АТЫРАУСКИЙ НЕФТЕПЕРЕРАБАТЫВАЮЩИЙ ЗАВОД"

70 ЖЫЛ
АТЫРАУ МҰНАЙ ӨҢДЕУ ЗАУЫТЫ

# НОВАТОР

21 августа 2015 года пятница

Основана в 1948 году

№ 32 (4243)



*** Инвестпроект**

# ПУСКОНАЛАДКА НА УСТАНОВКЕ РХ



Бекзат УТЕГАЛИЕВ,
*начальник установки РХ*

**Продолжаются пусконаладочные работы на установке РХ. Завершен этап холодной циркуляции, в ходе которого были промыты и очищены система трубопроводов, ректификационные колонны и емкости от различных механических частиц и смазывающих веществ, удалена влага с нижних точек. Проведено испытание регулирующих клапанов, динамического оборудования, контуров управления и КИП.**

Специалисты компании «Axens» провели проверку на герметичность двухпозиционных клапанов - отсекателей и запорной арматуры в контуре адсорбционных колонн С-602 А/В. По нескольким клапанам и задвижкам есть замечания. Эти замечания уже устраняются компанией «SEG».

На данный момент начался этап горячей циркуляции системы, целью которой являются ввод в действие теплообменников и аппаратов воздушного охлаждения, пуск всех ректификационных колонн, дополнительное удаление из системы «следов» воды.

С 13 августа началось двухдневное обучение операторов для каждой бригады по цикловой системе SCS. Данное обучение состоит из двух частей: теоретической - на пульте управления и практической - на установке.

Надо отметить, что персонал установки принимает активное участие в процессах пусконаладки, тем самым приобретает хороший опыт и знания для дальнейшей успешной эксплуатации данной установки.



* АМӨЗ - 70

# ЕҢБЕК ДАҢҚЫ АСҚАҚТАҒАН КҮН

Зауыттың 70 жылдығы қарсаңындағы мерейтойлық шаралар ардагерлерді ұлықтаудан бастау алғандығы жөнінде газеттің өткен шығарылымында жазған болатынбыз. Белгіленген іс-шаралар жоспарына сәйкес әр цехта зейнеткерлермен кездесулер ұйымдастырылып, ұзақ жылғы мінсіз еңбектерімен зауыттың өсіп-өркендеуіне үлес қосқан ардагерлерге құрмет көрсетілуде. Зауыт пен зауыттықтардың қауіпсіздігі мен денсаулығын қамтамасыз ету жолында аянбай еңбек еткен өрт сөндірушілер мен саулық сақшылары да сыйқұрметтен қалыс қалған жоқ. Оларды зауыт басшылығы атынан мерейтоймен құттықтаған бас директордың трансформация жөніндегі орынбасары Азамат Ақышев ардагерлерге ілтипат сезімін білдірді.



- Биылғы жыл біз үшін қазақ хандығының 550 жылдығы, Ұлы Жеңістің 70 жылдығы, Атырау мұнай өңдеу зауытының 70 жылдығы, Ата Заңымыз бен Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығы сынды тарихи маңызы бар атаулы оқиғалармен айшықталып отыр.

70 жыл бойына жалауын жықпай келе жатқан зауыттың даму жолында сіздердің де іздеріңіз бар.

Мерекелік шаралардың өздеріңізбен жүздесуден басталғаны кездейсоқтық емес. Іс-шаралар жоспарын жасақтау барысында басты назар ардагерлерде болу керек деп шештік , - деді ол.

Ардагерлерді өндіріс ошағының бүгінгі тыныс-тіршілігінен хабардар еткен Азамат Ақышев алдағы уақытқа межеленген мерейтойлық шаралар туралы да айтып өтті.

Келесі боп сөз алған зауыт зейнеткерлері қоғамының төрағасы Людмила Скоробогатова да замандастарына жүрекжарды лебізін жеткізді.

Кездесу барысында зейнеткерлерге «АМӨЗ-70» мерейтойлық медалі табысталды. Зауыттықтар арасында кәсіби шеберлігімен танылып, мұнай өңдеушілердің денсаулығын қорғау ісіне өлшеусіз еңбек сіңірген Людмила Санцакова шексіз ризашылығын айтып, кәсіпорынның одан әрі өрістеп, дамуына тілекші екендігін жеткізді:

- Бізді ешқашан естен шығармайсыздар, зауыттың бізге көрсетіп отырған жанашырлығына баға жетпейді. Жастар бұдан үлгі алулары тиіс.

Әріптестерімен кезекті рет қауышқанына қуанышты екенін айтқан Валентин Таршилов:

- Біз барымызды сала еңбек еттік, сіздер соны өз деңгейінде бағалай білдіңіздер! Сол үшін де бек рахмет! – деді ағынан жарыла.

Мерейтойлық медальмен марапатталған Нина Кузнецова, Людмила Карпова, Шолпан Қойшығұлова, Мақсот Ищанов, Ирина Завьялова, Зұлпат Құспаева, Зоя Нұрғалиева, Тамара Евсеевалар да өздерінің шексіз ризашылықтарын білдіріп, әріптестерін мерейлі жылмен құттықтады.

Шараның ресми бөлімінен соң ардагерлер зауыт аумағына экскурсия жасап, кейін өздеріне арнап жайылған кең дастархан басында естеліктерімен бөлісті.

В рамках юбилейных торжественных мероприятий, посвященных 70 - летию завода, состоялось чествование ветеранов труда объектовой противопожарной газоспасательной медицинской службы(ОПГМС).

Собравшихся поздравил заместитель генерального директора ТОО «АНПЗ» по трансформации Азамат Акишев.

- 2015 год особенный не только для заводчан, но и для всех казахстанцев. В этом году мы отмечаем 20 - летие Ассамблеи народа Казахстана, 20 – летие Конституции, 70- летие Великой Победы, 550 – летие Казахского ханства. Наш Атырауский нефтеперерабатывающий завод является передовым не только по производственным достижениям, но и по сохранившимся славным традициям. И отмечая юбилей предприятия, мы решили не отходить от этих традиций, основу которых составляет уважение к старшему поколению нефтепереработчиков. Мы преклоняем головы перед нашими ветеранами, перед вашим колоссальным трудом, благодаря которому завод стал одним из лучших и продолжает успешно






идти по этому пути. 2014 год для АНПЗ был очень успешным: было переработано 4.920 тыс. тонн нефти. В первом полугодии этого года объем переработки нефти составил 2.314 тыс. тонн. За прошлый год и первую половину этого года на производстве не было допущено ни одной аварии, несчастного случая и травматизма. И все это благодаря сплоченной, продуманной работе коллектива завода, - сказал Азамат Акишев.

Также он рассказал ветеранам о мероприятиях, которые состоятся в дни празднования юбилея завода, и пожелал всем крепкого здоровья, долголетия и оптимизма.

Азамат Акишев вручил группе ветеранов труда юбилейные медали.

- Спасибо огромное за то, что не забываете о нас, пенсионерах. Все что делает завод для своих ветеранов – это дорогого стоит. Мы знаем, что наше родное предприятие никогда не оставит нас одних, и всегда придет к нам на помощь, если мы в ней будем нуждаться, - выразила слова благодарности Людмила Константиновна Санцакова.

В числе награжденных Нина Кузнецова, Валентин Торшилов, Людмила Карпова, Шолпан Койшигулова, Максот Ищанов, Ирина Завьялова, Зульпат Куспаева, Зоя Нургалиева, Тамара Евсеева, Жулдыз Сулейменова и другие.

Они также выразили слова признательности за оказанное внимание и пожелали заводу процветания. Для ветеранов были организованы экскурсия по заводу и праздничный обед.



…. Крепкие объятия и рукопожатия, поцелуи, шутки и прибаутки. Ветераны, долго не видевшие друг друга рады встрече, тому, что живы – здоровы! Вот такую приятную картину мы увидели в ТОО «МУ № 7» (бывший цех №6). Надо отметить активность ветеранов этого цеха. На праздничное мероприятие, посвященное 70- летию АНПЗ, пришли почти все приглашенные, за исключением нескольких человек, которые тяжело болеют. Также как и в других цехах для ветеранов была организована экскурсия по заводу. А после в заводской столовой гостей ждал праздничный стол.

В официальной части мероприятия состоялось награждение ветеранов труда юбилейными медалями. Их вручили главный энергетик завода Сергей Хлопцев и начальник ТОО «МУ №7» Максим Досмаилов.

- Не хочется вас называть ветеранами, как будто вы и не уходили. Очень приятно видеть вас всех сегодня в добром здравии. Поздравляю с наступающим праздником, желаю здоровья, счастья, радости, - сказал в своей поздравительной речи Максим Досмаилов.

Звучит песня «О родном заводе» в исполнении ветерана труда Клавдии Ишимовой. Кстати, слова песни написала сама Клавдия Ксенофонтовна.

Улболсын Джукешова вспомнила, как в 1973 году пришла на завод, здесь встретила свою вторую половину. Вместе воспитали пять детей, сегодня радуются внукам.

- Я почти 40 лет проработала здесь, в коллективе мы друг другу стали как родные, и когда уходила на пенсию, было тяжело. И поэтому, вот такие встречи дарят большую радость, мы как будто возрождаемся. Спасибо огромное руководству завода, нашего цеха, всем кто организовал это мероприятие,- взволнованно произносит свою речь Улболсын Джукешова. Ее слова подхватывает Лариса Думанаева с 32 – х летним стажем работы: «В наше время завод не был таким большим, а каким мощным стал он сегодня. Нас сегодня возили по территории завода. Мы гордимся нашим предприятием! Нам здесь все дорого, потому что, наша молодость прошла здесь, добрая половина жизни!»



Ветераны труда вспоминали тяжелые годы перестройки, когда вместо денег выдавали промышленные товары. И некоторые не выдержав финансового кризиса, ушли с завода. Но многие остались преданными своему предприятию, выдержали натиск трудностей. И им за это искренняя признательность. Песня в исполнении работника ТОО «МУ №7» Николая Смирнова «Дорогие мои старики» посвящается всем представителям старшего поколения. Звучит еще одна песня из кинофильма «Весна на Заречной улице», которую подхватывают ветераны. Это песня их молодости.

- Я вот слушала эту песню и вспоминала своих родителей. У меня папа тоже гонял по крыше голубей. И заводская проходная, что в люди вывела меня. И мама с папой встретились здесь на заводе, - рассказывает Надежда Казакова. – Я с благодарностью вспоминаю своих наставников Михалева, Басова, Пицина. Они своим отношением к работе подавали нам пример. Это были люди с большой буквы. Я желаю вам всем здоровья, благополучия и спасибо за то, что нас не забывают.

Николай Пейчев до сих пор помнит, как 40 лет тому назад после окончания училища, и, имея небольшой опыт работы в Гурьевэнерго, пришел на нефтеперерабатывающий завод. Вскоре его призвали в армию. « Помню, нас призывников с завода всех выстроили на территории. И директор завода Анатолий Петрович Вакуров пожелал нам успешной службы и вручил каждому электрическую бритву. И сказал, чтобы мы после армии вернулись на завод», - рассказывает ветеран труда. Так оно и было. Сила притяжения завода настолько велика, что придя сюда однажды, тысячи людей остались здесь на долгие годы. И уже находящихся на заслуженном отдыхе ветеранов, он продолжает манить к себе, напоминает о себе в ночных снах.

Мурат Абошов, Татьяна Ахметзянова, Батыр Избасаров, Игорь Юрчук – Колосовский и многие другие выразили благодарность от всего сердца руководству завода за внимание и теплый прием. В свою очередь председатель цехового комитета Аля Ковалева пожелала всем ветеранам доброго здоровья, долголетия, отметив, что в проведении этого праздничного мероприятия большая заслуга принадлежит администрации завода, управлению трудовыми ресурсами.



# ГЕРОИ ТРУДОВОЙ СЛАВЫ

Ардагерлерін асыға күткен №5 цех ұжымының да өз зейнеткерлерін қарсы алуға жауапкершілікпен дайындылғандықтары байқалды. Алайда шақырту алған жиырма зейнеткердің бесеуінің ғана зауытқа жолы түсіпті.

Алдымен цехқа қарасты мұнай коксын балқытып шынықтыру және баяу кокстеу қондырғыларының операторлар бөлмесіне бас сұққан ардагерлер мұндағы өзгерістерді көріп, таң қалысты. Байырғы алып қалқандардың орнын бүгінде компьютерлер басқан. Ардагерлер технологиялық процестердің қалай басқарылатындығымен танысып, өздерін қызықтырған сауалдарға жауап алды. Сондай-ақ, зейнеткерлер күкірт шығару қондырғысының да жұмысымен танысып, цех механигі Валерий Джумуров оларға күкірттің өнеркәсіпте қолданылуы туралы түсініктеме берді.

Бұдан кейін ардагерлер өз араларында «қызыл бұрыш» аталып кеткен мәжіліс залында цех басшылығымен кездесті. Зейнеткерлерді қуана қарсы алған Юрий Шкодин әрқайсысының қал-қуатын сұрап, есен-сау қауышқанына қуанышты екенін жеткізді.

-Бүгін біз көптен кездеспеген әріптестерімізді көріп, ерекше қуанып отырмыз. Зауытымыздың, цехтың қалай дамып келе жатқанын өздеріңіз көрдіңіздер. Барлығы автоматтандырылған. Әйтсе де, адами фактор ешқашан маңызын жоймайды. Өндірісті сіз бен бізсіз елестету қисынсыз. Ең бастысы – адамдар, - деді ол өз сөзінде.

Ардагерлерді кәсіпорын мерейтойымен құттықтаған цех басшысы зауытта жаңа өнім түрлерінің өндірісі қолға алынғандығы жөнінде сүйіншілей әңгімелеп, өзге де көңіл қуантарлық ақпараттармен бөлісті. Зейнеткерлердің ерен еңбегі ешқашан ұмыт қалмасына сендірген ол алдағы уақытта да ардагерлерге ұдайы көңіл бөлінетінін айтты.

Келесі боп сөз алған еңбек ресурстары басқармасының басшысы Гүляра Өтеғалиева зейнеткерлерге зауыт басшылығының құттықтауын жеткізді.

- Осы зауыт қабырғасында жастық шақтарыңыз, саналы ғұмырларыңыз өтті. Осы жолда аянбай еңбек еттіңіздер, тер төктіңіздер. Биыл зауытымызға 70 жыл толып отыр. Сіздер зауыт тарихын қалыптастырдыңыздар, біз – сол тарихты жалғастырушылармыз. Сіздер өздеріңіздің тәжірибелеріңіз бен еңбекке деген кіршіксіз көзқарастарыңызды кейінгі ұрпаққа дарыта алдыңыздар. Бұл зауыттағы ұрпақ сабақтастығының айғағы. Зауыттың басынан талай алмағайып сәттер өтті, бірақ іргесі берік, ынтымағы жарасқан ұйымшыл ұжымның арқасында біз бүгінгі күнге жетіп отырмыз, - деді ол өз сөзінде.

Лебіздер легінен кейін ардагерлерге «АМӨЗ-70» мерейтойлық медалі мен цех ұжымы атынан ескерткіш сыйлықтар тапсырылды. Айта кетейік, Өскемендегі монета сарайында әзірленген мерейтойлық медаль орындалуы мен дизайны жөнінен көпшіліктің оң бағасын алып үлгерді.

Марапаттау рәсімінен соң зейнеткерлер дастархан төріне жайғасты. Ардагерлеріне арнап қой сойып, табақ тартқан цех ұжымы қонақжайлылықтың үлгісін көрсетті. Көрсетілген құрметке дән риза болған зейнеткерлер де көңілдері көтеріліп, бір жасап қалды.



Сексеннің екеуіне шыққан Ізбасов Бисен қарт мұндағылардың көпшілігіне таныс. Ұзақ жыл еңбек еткен зауытының бүгінгі кейпін көзбен көрмекке асыққан ол саулығы сыр бергеніне қарамастан кездесуге келгенін айтты. Ақ тілектің тиегін ағытқан ақсақалдың сөзін зейнеткерлікке шыққанына 20 жылға таяған ізбасары Сүйеу Тоқтабаев былайша жалғады:



-Мен баяу кокстеу қондырғысында еңбек еттім. Ол кездегі жағдай бүгінгідей емес-тін. Бүгін өзіміз куә болған жетістіктерді көріп, ерекше әсер алып отырмын. Зауытымыз дамудың жолынан таймасын!

Ал «зейнеткер» деген мәртебеге таяу жылдары ғана ие болған Валерий Теннің «қызыл тулы бестіктердің» санатына қосылуына жөндеу-құрылыс басқармасының жекеменшікке берілуі себеп болыпты. 2007 жылы Юрий Шкодиннің қолқа салуымен оператор болып жұмысқа қабылданған ол сол ұжымда 2013 жылға дейін жемісті еңбек етіп келді. Оны ұжымдастары табиғатқа, әсемдікке құштар жан ретінде таниды. Оның өзі өсіріп-баптаған қызылды-жасылды гүлдері талай жыл аумаққа көрік беріп, жанға қуаныш сыйлады.

-Менің еңбек жолым осы цехпен тоғысқанына қатты қуанамын.Осы ұжымда шыңдала түстім, еңбектің парқын ұқтық. Әріптестерге, зауыт әкімшілігіне, зейнеткерлер қоғамына айтар алғысым шек жоқ. Әркез зауытымыз биіктерден көрініп, жоғары маркалы өнімдерімен танылсын! – деп тіледі ол.

Зейнеткер Клавдия Зыбина да өз цехын татулығы жарасқан үлкен ұйымшыл отбасыға теңеді.

-Жұмыс барысындағы ұйымшылдықты айтпағанда, ұжымдастардың өзара түсіністігі мен бір-біріне деген қамқорлығы айрықша еді. Кейде, тіпті, басымыздағы қиыншылықтарымызбен бөлісіп, сырымызды ақтаратынбыз. Содан кәдімгідей жеңілдеп қалушы ек. Басшымызды «әке» деуші ек. Мен ұжымдастарыма бек ризамын. Олармен қайда кездесіп қалсақ та, тұра сала жағдайымды сұрап жатады. Бізге осыдан өзге не керек? – деді ол тебіренісін жасырмай.

Әріптестерінің пікіріне Василий Жидков, Константин Носоновтар да ортақтасты. Аға буынның еңбек жолын абыроймен жалғап келе жатқан Максим Божейко, Асқар Өтешев, Максим Успанов, Наталья Кабанкина, Александр Сладковтар ардагерлерді алдағы мерейтоймен құттықтап, алғыстарын білдірді.



Праздничное мероприятие, посвященное 70 –летию АНПЗ, в цехе № 5 началось с экскурсии по цеху. Ветеранам показали установку по производству серы, операторные установок замедленного коксования и прокалки нефтяного кокса. Сегодня весь процесс автоматизирован, весь технологический процесс отслеживается на компьютере. Человеческий фактор сведен до минимума. Пенсионеры, которым в свое время довелось многое делать вручную, не скрывают своего удивления. Начальник цеха №5 Юрий Шкодин рассказал о том, какие позитивные перемены происходят в жизни завода сегодня, о том, что построен комплекс по производству ароматических углеводородов, и совсем недавно была получена первая партия бензола. А в сентябре ожидается получение еще одного вида нового продукта – параксилола. Юрий Константинович поздравил всех ветеранов труда с наступающей юбилейной датой и пожелал крепкого здоровья, благополучия и мира.

Затем в актовом зале цеха состоялось вручение юбилейной медали. Она изготовлена по специальному заказу Казахстанским монетным двором в городе Усть – Каменогорск. Вручила награды начальник управления трудовыми ресурсами Гуляра Утегалиева.

- Мы рады видеть вас в добром здравии. Здесь прошли ваши лучшие годы. Сегодня завод достиг технических высот, его историю за 70 лет делали такие люди как вы, а мы подхватили и продолжаем ваше дело, это и есть преемственность поколений. И сейчас уже мы передаем свой опыт и навыки молодежи, которая у нас очень инициативная, активная. Завод, несмотря на то, что в стране произошло много перемен, устоял и прежде всего, благодаря сплоченному коллективу. Вы прошли через многие трудности, и, несмотря на это, остались верны выбранной профессии и выбранному делу. Спасибо вам за ваш труд, долгих лет жизни.

Вместе с медалью каждый ветеран получил и памятный подарок.

Бисен Избасов вспоминает, как работал оператором транспорта на коксовой установке. - В цехе невыносимо было жарко, так как температура нагрева доходила до 110 градусов, - вспоминает ветеран труда. – Помню, подкатывали вагонетки, в которые мы грузили кокс. Тяжело было, коксовая пыль попадала в глаза, работали сутками. Но трудности не испугали, наоборот, закалили характер,- рассказывает ветеран труда.

Валерий Тен всегда с гордостью вспоминает свой коллектив, каким он был дружным. Словно маленькое государство. – Будучи в Южной Корее я рассказывал, что у нас в стране живут более 120 национальностей и все там удивляются: как мы мирно уживаемся в одной стране. Желаю, чтобы у нас были мир и согласие. Тему единства подхватила и Клавдия Зыбина: «Мы жили как одна семья, и в этом заслуга Юрия Константиновича Шкодина, которого за глаза мы называли «папой». Он действительно для всех нас был как отец. Подскажет, посоветует, когда надо отчитает, но по справедливости. И вижу, что и нынешнее поколение воспитывается в духе старых традиций. Когда встречаю работников, они всегда приветливы, спрашивают про здоровье, интересуются всем, рассказывают о новостях цеха. Я желаю всем вам здоровья, самого хорошего. Мы, ветераны, очень признательны руководству завода за внимание, которое нам постоянно оказывается. Спасибо огромное». Со словами благодарности выступили также Суйеу Токтабаев, Константин Насонов, Василий Жидков.



Затем слово взяли работники цеха №5.

- Когда в 1983 году я пришел на установку, меня учили Суйеу Токтабаев, Константин Насонов, Андрей Швайгерт. Им огромное спасибо. Я прошел настоящую школу, которая помогла мне пойти дальше. И вот сегодня я сам начальник установки замедленного коксования. То, что было раньше и имеется сегодня - это небо и земля. Мощность установки после реконструкции достигла 1 миллиона тонн по сырью, - сказал начальник УЗК Аскар Утешев.

Теплые пожелания в адрес ветеранов высказали также председатель цехкома Наталья Кабанкина, работники цеха №5 Максим Божейко, Максим Успанов, Александр Сладков.

*** Көркемөнерпаздар байқауы**

# ӨНЕРЛІГЕ ӨРІС КЕҢ

Өткен бейсенбіде Құрманғазы атындағы мәдениет сарайында Атырау мұнай өңдеу зауытының 70 жылдығы және ҚР мұнай-газ кешені қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында зауыт көркемөнерпаздарының байқауы өтті. Ән, би, сөз өнері және халықтық музыка жанрлары бойынша өткен байқауға тоғыз ұжымның өнерпаздары қатысты.

Өнер десе алдарына жан салмайтын зауыттықтар биылғы байқауға да ерекше дайындықпен келіпті. Жан-жақтылығымен ерекшеленген сайыс бағдарламасы көрерменді жалықтырған жоқ. Күнде арнайы маман киіммен көретін әріптестерінің нағыз әртіс кейпіндегі өнерлерін сахна төрінен тамашалаған жанкүйерлер қолдау білдіріп, шапалақтарымен шабыт беріп отырды.

Ән өнері бойынша сынға түскен сайыскерлердің дені патриоттық тақырыптағы туындыларды таңдаса, кейбірі танымал әндердің мәтіндерін өзгертіп, зауытты жырға қосты. Би жанры да әр алуандығымен ерекшеленіп, көрермендер қазақ, үнді, латын-америка билерін тамашалады. Ал сөз өнері жанры бойынша қазақ хандығының 550 жылдығы, сондай-ақ қабылауға жеңіл тұрмыстық тақырыптағы көріністер сахналанып, зауыт, туған жер, махаббат тақырыбында өлең-жырлар оқылды.

Жүзден жүйрікті анықтау қазыларға оңай соқпаған тәрізді. Бірнеше минуттарға созылған ақылдасудан соң сайыскерлер асыға күткен сәт те таяп, жеңімпаздар есімі жарияланды. Сайыскерлер сынға түскен төрт жанрдан бөлек «Кештің топжарғаны», «Күш-бірлікте», «Үздік сахналық костюм», «Кеш креативі» сынды арнайы номинациялар да белгіленді.

Сайыскерлерге төрелік еткен «Атырау МӨЗ» ЖШС бас директорының транформация жөніндегі орынбасары Азамат Ақышев жиналғандарды алдағы үлкен мереке - зауыттың 70 жылдығымен шын жүректен құттықтап, мерейтойға орайластырылған додада жоғары жауапкершілікпен дайындалып, көркемдігі жөнінен де, сапасы жөнінен де жоғары деңгейде өнер көрсеткен әріптестеріне зор ризашылығын білдірді. Байқауда ерекше өнерімен көзге түскен сайыскерлер ағымдағы жылдың 4 қыркүйегінде Исатай-Махамбет алаңында өтетін мерейтойлық гала- концертте өнер көрсететіндігін жеткізген басшылықтың сөзін көркемөнерпаздар ерекше қуанышпен қабылдады.

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, әнші, Нұрмұхан Жантөрин атындағы облыстық филармонияның бас режиссері, қазылар алқасының мүшесі Ақмарал Машимова зауыт мерейтойы Атырау жұртшылығының ортақ мерекесі екендігін айта келе, өндірісте еңбек ететін жұмысшылардың өнеріне таң-тамаша боп, жоғары баға берді.

*- Мен бұрын соңды зауыт тарапынан өткізілетін шараларға қатыспаған екенмін. Бүгін мені көп нәрсе таң қалдырды! Қарапайым жұмысшылардың нағыз әртістерше сахна шығып ән шырқап, би билеп, түрлі рольдерді шебер сомдаулары мен үшін үлкен жаңалық! Сіздерге айтар алғысым шексіз,* - деді ол өнерпаздар алдында басын ие.

Ал жыл сайын көркемөнерпаздар байқауының қазылар құрамынан табылатын Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, әнші Гүлмайдан Сүндетоваға зауыттықтардың өнері етене таныс. Жезтаңдай әнші сахнаның қадір-қасиетін терең ұғынатын, қай кезде де көрерменін саф өнермен сусындатуға талпынатын зауыт көркемөнерпаздарының биылғы байқауға үлкен дайындықпен келгендіктерін байқағанын айтты.

Құрманғазы атындағы мәдениет сарайы директорының міндетін атқарушы Алуа Исмағамбетова, зауыт кәсіподағының төрағасы Кенжебек Шахметовтер де өндірістегі өнерпаздардың талантын жоғары бағалады.

Шараны қорытындылаған еңбек ресурстары басқармасының басшысы Гүляра Өтеғалиева барша қатысушыларға ұйымдастыру комитеті атынан алғыс білдірді:

*- Сіздер бүгін өз өнерлеріңіздің шынайы бағасын алдыңыздар. Шынайы дейтін себебім - бұл бағаны өнердің жілігін шағып, майын ішкен майталман мамандар беріп отыр. Жарайсыздар! Зауытымыздың айбынын асқақтата беріңіздер, өнерлеріңіз шыңдала берсін!*

Сайыс жеңімпаздары арнайы әзірленген белгі, диплом және ақшалай сыйлықпен марапатталды. Барлық қатысушыларға ынталандыру сыйлықтары табысталды.

**Светлана ҚАЛИЕВА**



**Жанр «Вокал»**

**1-место:** цех № 4: песня «Өз елім» - *Саламат Катишов, Расул Актаев, Жолжан Тажибаев;*

**2-место:** *ППНГО: песня «Наш завод» - Ануарбек Аубекеров (слова написаны Салаватом Бисалиевым);*

**3-место:** *ТЭЦ: песня «О родном заводе » - Аслан Канатов, Вадим Савин.*







**Жанр «Хореография»**

**1-место:** *ЦЗЛ: «Әке толғауы» - Молдир Шоханова, Анастасия Насенкова , Айгерим Суенкулова;*

**2-место: ППНГО:** *«Современный индийский танец» - Данияр Аубакиров, Анар Шаймарданова;*

**3-место:** *цех № 4: «Адай» - Артур Ержанов, Рустем Табылдиев, Ренат Уралов, Вильям Халилов, Асылбек Маленов, Елжас Абдибапов.*





**Жанр «Исполнение народной музыки»**

**1-место:** *ЦЗЛ: «Ақ дарига-ай» - Айнур Мухамбеталиева;*

**2-место:** *КПА: «Адай» - Нурболат Исмагамбетов;*

**3-место:** *ТЭЦ: «Адамның бір қызығы бала деген» - Сагидолла Жетписов.*







# ПОКОРИЛИ ВСЕХ СВОИМ ТАЛАНТОМ

* Конкурс

Жанр «Разговорный»

**1-место:** *ППНГО: «Қазақ хандығы»- Галым Хамзаев, Оразбек Жуманалиев, Бауыржан Уалиев;*

**2-место:** *цех № 8: «Ана туралы монолог» - Абай Хамзаев;*

**3-место:** *ТЭЦ: «Теща» - Бахтияр Бекмурзиев, Аслан Канатов, Любовь Дворянчик, Рустамбек Джанабатыров.*









Номинация «Креатив вечера» - КПА: КВН - Ринат Беккаиров, Умирхан Жаксыгалиев



Номинация «Прорыв вечера» - цех № 4

Во Дворце культуры имени Курмангазы прошел традиционный, заводской конкурс художественной самодеятельности. Лейтмотивом нынешнего творческого состязания стало 70- летие Атырауского НПЗ. Конкурсанты состязались по четырем жанрам: разговорный, вокал, хореография и народная музыка. Помимо этого были учреждены четыре номинации: «Лучший сценический костюм», «Прорыв вечера», «Сила – в единстве», «Креатив вечера».

Нужно отметить, что все конкурсанты, независимо от жанра выступления, показали свои творческие способности. Тематика концертных номеров в основном была посвящена родной Отчизне, любви к своему краю, независимости, истории народа и, конечно же, не остался без внимания и родной завод. Сразу несколько конкурсантов посвятили песни своему предприятию. Стоит сказать, что не осталось в стороне и 550 – летие Казахского ханства, которое будет отмечаться в сентябре этого года. Ярких красок в творческий вечер добавили зажигательные танцы, юмористическая сценка и выступления КВН –щиков. Оценивало выступления конкурсантов компетентное жюри, в составе которого были такие профессионалы, как деятель культуры РК, лауреат международных конкурсов, известная исполнительница народных песен Гульмайдан Сундетова и деятель культуры РК, главный режиссер областной филармонии имени Нурмухана Жантурина Акмарал Машимова. Каждое выступление поддерживалось бурными овациями болельщиков, что придавало еще больше праздничного тона. Как признались позже члены жюри, было очень нелегко определять победителей, так как все конкурсанты были очень хороши. Но конкурс есть конкурс.

Итак, победителями четырех номинаций стали:

« Креатив вечера» - команда КВН (КПА)

«Сила – в единстве» - ППНГО

«Прорыв вечера» - цех №4

«Лучший сценический костюм» - заводоуправление (танец «рок- н – ролл»)

Вручая награды победителям этих четырех номинаций, заместитель генерального директора по трансформации Азамат Акишев поблагодарил всех участников за талантливые выступления, и сообщил, что лучшие из лучших примут участие в гала – концерте, посвященного юбилею завода, который состоится 4 сентября на площади имени Исатая – Махамбета.

- 70 –летний юбилей завода – это не только праздник заводчан, но и всех атыраусцев, - сказала, поздравляя победителей в номинации «Вокал» деятель культуры РК Акмарал Машимова. – Я в первый раз оценивала ваш конкурс, и меня очень удивило то, что простые работники могут так профессионально петь, танцевать, и даже играть на сцене! Я в восторге!

В номинации «Народная музыка» награды вручила деятель культуры РК Гулмайдан Сундетова.

- Я поздравляю вас всех с большим праздником. Я ежегодно участвую в ваших конкурсах, и всегда получаю такое истинное удовольствие. Не стал исключением и сегодняшний вечер. Народная музыка – это один из сложных жанров, дающий духовное развитие. К чести конкурсантов, они сумели показать себя. Человек просто выходя на сцену, уже волнуется, а тут нужно было спеть, или же сыграть на инструменте. И вы с этим успешно справились. Поздравляю! – не скрыла восхищения Гульмайдан Сундетова.

В номинации «Хореография» имена победителей назвала и.о. директора Дворца культуры имени Курмангазы Алуа Исмагамбетова. Поделился своими положительными эмоциями еще один из членов жюри, председатель профкома ТОО «АНПЗ» Кенжебек Шахметов, вручивший награды в номинации «Разговорный жанр». Он особо отметил монолог «О матери» в исполнении Абая Хамзы из цеха №8, который не оставил никого равнодушным в зале. Профсоюзный лидер поблагодарил и болельщиков за поддержку конкурсантов.

-Несмотря на то, что в преддверии юбилея завода проводится много мероприятий, мы не стали обделять вниманием нам традиционный, ежегодный конкурс художественной самодеятельности и постарались провести его на надлежащем уровне. И вот сегодня мы получили огромное наслаждение. Это был настоящий творческий вечер, который оценивали профессионалы, знатоки своего дела. И они дали самую высокую оценку вашему искусству, - сказала, обратившись к конкурсантам, начальник управления трудовыми ресурсами Гуляра Утегалиева. - Спасибо за то, что вы рассказали не только про историю завода, но и про историю нашего народа. Успехов вам всем и с наступающим праздником!

Никто из принявших участие в смотре художественной самодеятельности не остался без внимания. Были вручены и утешительные призы.

**Индира САТЫЛГАНОВА**



Номинация «Сила в единстве» - ППНГО



